

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
Республиканский научно-методический журнал

МЕКТЕП
ДИРЕКТОРЫНЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ

3

2012

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ДИРЕКТОРА
ШКОЛЫ

2. Білім беру саласындағы заңдылықтарды, нормативті құжаттардың жүргізілуін, педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау.

3. Тәртiп бұзушылықтың себептерiн анықтап, ескертулер бойынша шара қолдану;

4. Педагогикалық ұжым қызметiнiң сапалығын бағалау мен сараптау;

5. Педагогикалық қызметтiң қорытындысын оқып білу, мектептегі нәтижелер мен кемшіліктерді анықтап, оларды болдырмау үшін озық тәжірибелерді тарату;

6. Білім беру мекемелеріндегі бұйрық пен нұсқаулардың орындалуын талдау;

7. Бақылау кезінде педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.

Мектепшілік бақылауды оқу жылының әр айында бақыланатын жұмыстар жүйесін шығарып алса, жоспар іске асуға қолайлы болады. Оқушылардың білім білік, дағдысын бақылау жұмысында осы ретте іске асады.

Мектептерге барлық сыныпқа жан-жақты бақылауды ең кем дегенде бір рет, 1, 4, 9, 11 сыныптарға скі, үш рет жасалады. Бұл жоспарлаудан білім беру мекемесінде бақылаудың жалпы жүйелі кестесі шығады. Осы жүйе бойынша бақылау жүргізілсе, ол өзінің нәтижесін береді.

Мектепшілік бақылау барысы сатылардан тұрады.

– Бақылау мақсаты

– Мүғалімді, сыныпты таңдау;

– Бақылау жоспарын құру;

– Қатысушылар тізімі;

– Бақылау әдістері мен тәсілдері;

– Бақылауға дейінгі қызметкердің сыныптың жағдайы;

– Бақылауға дейінгі бағасы;

– Аталған кемшіліктер бойынша берілген нұсқаулар мен ұсыныстар;

– Кемшіліктерді түзетуге белгілі бір уақыт белгілеу және қайта бақылау.

Тексеру қорытындысы сараптамалық анықтамада көрсетіледі.

Анықтама жазу әдістемесі.

Кез келген анықтама құрылымы мына бөлімдерден тұрады:

1. Анықтама тақырыбы. (*Не тексерілді?*)

2. Тексеру мақсаты. (*Не үшін тексерілді?*)

3. Тексеру мерзімі. (*Қашан тексерілді? Тексеру жүргізілген күндер нақты көрсетіледі.*)

4. Тексерушілер көрген «сурет», фактілердің көрсетілуі. (*Не анықталды? Оның себебі неде?*)

5. Ұсыныстар, іс-әрекет бағдарламасы мен оған қатысушылар. (*Не істеу керек?*)

Анықтама жазылып біткен соң, тексерілген кісілер онымен таныстырылады, қажет болған жағдайда тиісті өзгертулер енгізіледі. Бақылау нәтижелерінің маңыздылығына, тексерумен қамтылған адамдар санына, берілген ұсыныстарға байланысты – анықтама әдістемелік бірлестік отырысында, өндірістік жиналыста немесе педагогикалық кеңесте қаралады. Талқылаудан кейін ғана тексеру қорытындысы мен анықтамада берілген ұсыныстар бойынша мектеп директоры өз бұйрығын шығарады. Мектеп жоспарындағы «Мектепшілік бақылау» бөліміндегі әрбір бақылау түрі бойынша тексеру қорытындысы мен ұсыныстар көрсетілген анықтама, сондай-ақ жоспардың осы тарауының орындалуына нүкте қоятын бұйрық әрбір мектеп басшысында болуы керек.

«Мектепшілік бақылау дегеніміз – басқару функцияларының ішіндегі негізгісі болып табылады, ол талдау және мақсат қою функцияларымен тікелей байланысты, өйткені талдаусыз берілген мәліметтің мәні болмайды, ал мақсатсыз шіттенені бақылау мүмкін емесігі». Ю. А. Конаржевский.

Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Ганюшкин селосы.

Оқыту әдісі

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨДІСТЕРДІ ӨҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ПАЙДАЛАНУ

Г. А. ЖАНУЗАКОВА,

Роман-герман тілдері кафедрасының оқытушысы.

Ж. Б. АЛИКБАЕВА,

Роман-герман тілдері кафедрасының аға лаборанты.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасының жобасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми зерттеу қызметі мен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктері мен тығыз байланысы, білім беру мен және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады», – деп атап көрсетілген. Ендеше қазіргі білім беру саласында маңызды мәселенің бірі оқытудың

жаңа әдістерін іздестіру және оларды жүзеге асыратын болашақ маман даярлау болып отыр. Қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеру аса қажеттілік деп танылуда. Ал оқу тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдану тәжірибеге негізделген түрлі білім салаларын кен түрде игеруде, оларды іс жүзінде пайдаланғанда, аумағы кең мәліметтер мен күнделікті іс-әрекетті іске асыруда пайдалы. Қазір білім беру саласында оқытудың озық технологиясын меңгермейінше, сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Өйткені жаңа технологияларды меңгеру болашақ маманның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, қасиеттерін дамытуына, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.